


Комбайндардың түрлері мен ерекшеліктері

Оздігінен жүретін отандық комбайндарда теңестіру корпусына тәуелсіз асылып орнатылған жаткалар пайдаланылады, олар жер бедерін башмақ-гарымен көшірмелейді. Бұл жаткалар төмендегідей өз алдына жеке екі бөлікке бөлінеді: жатка корпусы 2 (4-сурет) және көлбеу корпус 1. Жатка корпусында башмақтар, қырку аппараты, қалбағай, шнек, вариатор, жетек механизмдері орналастырылған. Көлбеу корпусқа шынжырлы-тактайшалы қалықтама транспортер орнатылған. Көлбеу корпус молотилкаға 12 екі топса 11 арқылы жалғасқан. Екі гидроцилиндрдің 8 көмегімен оны көтеруге және түсіруге болады, бұл ретте жатка осы топсалардың айналысымен біршама бұрылады. Жатка корпусы 2 көлбеу корпусқа үш нүктесімен қосылған. Сфералық топса 4 ортасын, ал топсалы аспаптар 7 екі бүйірін жалғастырады. Аспаптар 7 теңестіру серіппесінің 10 блоктарымен қосылған, бұл қосылыстар теңестіру рычагтары 9 арқылы ерекше жасалған. Жатка корпусы жерге салмағымен тіреледі де екі башмағымен 3 жер бедерін көшірмелейді. Көлбеу корпусың екі жағында роликтер 6 бар, солардың үсті-мен жатка корпусы тіректері 5 жеңіл сырғанайды. Ортаңғы сфералық топса 4 мен екі роликтің екеуі де 6 жалпы осьте орналасқан. Осы көрсетілген схемадан, молотилка мен көлбеу корпус (гидроцилиндрлер жұмыс істеп тұрғанда) қатаң конструкция құрай-тынын көруге болады. Жатка корпусы оларға тәуелді емес. Ол көлбеу корпусы бар молотилкадан ауытқи отырып, жер бедерін: башмақтарымен көлденең және бойлық бағыттарда еркін көшірмелей береді. Осындай ауытқу кезінде тіректер 5 роликтердің 6 үстімен сырғанайды. Соның арқасында жатка корпусы бір жағына бұрылмай, қалыпты жағдайда тұрады. Барлық жаткалар комбайнның маркасы мен алым еніне қарамастан, егістік бетін бойлық бағытта 150 мм етіп көшірмелейді. Яғни оның корпусы горизонтал қалыпқа дейін көтеріледі немесе одан 150 мм төмен түседі. Көлденеңінен көшірмелеудің шамасы (башмақтардың көтерілуі мен түсірілуі) комбайн маркасы мен жатканың алым еніне байланысты болады. Егістік жердің бедерін еркін әрі сенімді түрде дұрыс көшірмелеу үшін жатканың корпусы башмақтарға аса көп күш түсірмеуі қажет және бұл күш жатканың әр түрлі қалпына байланысты өзгермеуге тиіс. Шектен тыс күш түскенде башмақтардың топыраққа кіріп кетуі мүмкін. Егерде күш өте аз түссе башмақтардың жер бетінен көтеріліп кетуі ықтимал. Барлық жаткаларда серіппелер әрбір башмақтарға 25—30 кг-ке (250—300 Н)* тең күш түсіретіндей етіп керілуге тиіс. Жатка корпусының кез келген қиғашталуы кезінде башмақтарға түсіретін күшінің тұрақты болуын түйістіру механизмдері автоматты түрде қамтамасыз етіп отырады: серіппенің керілу күші мен жатканың салмақ күші рычаг 9 (4-сурет) арқылы әсер етеді, рычаг осы екі күштің иіні болып есептеледі.



Комбайнның көшірмелеуші жаткасының схемасы: